

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар  
министрлігі  
«Қазгидромет» РМК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы



**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ  
ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ  
БЮЛЛЕТЕНІ**

Ақпан  
2024 жыл

Петропавл қ., 2024 жыл

	<b>Мазмұны</b>	<b>Бет.</b>
<b>1</b>	<b>Алғы сөз</b>	3
<b>2</b>	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
<b>3</b>	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
<b>3.1</b>	Солтүстік Қазақстан облысы аумағында экспедициялық бақылаудеректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі	5
<b>4</b>	Солтүстік Қазақстан облысының жауын-шашын мөлшерінің құрамы	6
<b>5</b>	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	7
<b>6</b>	Радиациялық жағдай	8
	<b>Қосымша 1</b>	9
	<b>Қосымша 2</b>	9
	<b>Қосымша 3</b>	10

## **1. Алғы сөз**

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс- шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

## Солтүстік Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

### 2. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Солтүстік Қазақстан облысында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсуінің негізгі көздері энергетика объектілері, өнеркәсіптік кәсіпорындар және автокөлік болып табылады.

Есептік деректерге (өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептер) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны 27,127 мың тоннаны құрады.

Облыс орталығы-Петропавл қаласы-СҚО әуе бассейнін ластауға ең көп үлес қосады. Мұнда облыстың стационарлық көздерінен ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының 46,9% — ға жуығын беретін кәсіпорын-"СевКазЭнерго" АҚ (ЖЭО-2) орналасқан.

### 3. Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жайкүйі.

Петропавл қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 2 автоматты станцияда жүргізіледі( Қосымша 1).

Жалпы қала бойынша 9 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) озон (жербеті); 7) күкірт сутегі; 8) фенол; 9) формальдегид.

1- кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама	Ш. Уалиханов көшесі, 19 Б	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, азот оксиді
3		Жумабаев көшесі, 101А	
5	үзіліссіз режимде 20 минут сайын	Парковая көшесі, 57В	қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкірт сутегі
6		Ж. Кизатов көшесі, 3Т	күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкірт сутегі, көміртегі оксиді

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Петропавл қ., жүргізілді (№1 нүкте- «Береке» шағын ауданы ).

Күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегиддың, күкірт сутегінің шоғырлары өлшенді.

**Петропавл қ. 2024 жылғы ақпан айындағы атмосфералық ауа сапасы мониторинг нәтижелері**

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *жоғары* болып бағаланды, СИ=4,9 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ = 22% (жоғары деңгей) мәнімен анықталды.

Орташа – тәулік шоғыры озон бойынша 3,05 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,05 ШЖШ<sub>о.т.</sub>

Максималды – бірлік шоғырлар күкірт сутегі – 4,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>. Басқа ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Атмосфералық ауаның жоғары ластануы (ЖЛ), экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

**Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы**

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең үлкен бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>о.т.</sub> асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>м.б.</sub> асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
<b>Петропавл қаласы</b>								
Қалқымабөлшектер (шаң)	0,00	0,00	0,01	0,01	0	0	0	0
Күкіртдиоксиді	0,00	0,08	0,03	0,05	0	0	0	0
Көміртегіоксиді	0,52	0,17	3,44	0,7	0,0	0	0	0
Азот диоксиді	0,04	1,05	0,17	0,8	0,0	0	0	0
Азот оксиді	0,02	0,26	0,16	0,41	0,0	0	0	0
Күкірт сутегі	0,003		0,04	4,9	22	457	0	0
Озон (жербеті)	0,0916	3,05	0,156	0,97	0	0	0	0
Фенол	0,003	0,90	0,008	0,80	0	0	0	0
Формальдегид	0,01	0,64	0,03	0,6	0	0	0	0

## Қортынды:

Соңғы бес жылда ақпан айында ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, ластану деңгейі ақпан айында 2020 жылдан 2021 жылға дейінгі кезең төмен деп бағаланды. 2022 жылы ластану деңгейі көтеріңкі деп бағаланды. 2023 жылы ластану деңгейі жоғары деп бағаланды. 2024 жылы ақпан айында ауаның ластану деңгейі жоғары деп бағаланды.

### 3.1 Солтүстік Қазақстан облысы аумағында экспедициялық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Петропавл қ., жүргізілді (№1 нүкте- «Береке» шағын ауданы).

Күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегиддың, күкірт сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3 кесте).

3-кесте

#### Солтүстік Қазақстан облысында бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері	
	№1	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ
Күкірт доксиді	0,049	0,098
Көміртегі оксиді	1,450	0,290
Азот диоксиді	0,012	0,060
Фенол	0,001	0,100
Формальдегид	0,003	0,060
Күкірт сутегі	0,002	0,250
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,203	0,406

## **Метеорологиялық жағдайлар**

Ақпан айында облыс бойынша ауаның орташа айлық температурасы 14,2-16,5 0С аяз болды, бұл мөлшер шамасында және мөлшерден 1-2 0С 0С төмен.

Жауын–шашынның мөлшері облыс бойынша мөлшерден аз 5,6-14,9 мм, кей жерлерде мөлшерден көп 12,8-35,5 мм, бұл мөлшерден ауып кетуі 37,5-93,1 %, кей жерлерде 106,7-169,0 % құрады. Бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында облыс аумағына циклондар мен атмосфералық фронттар әсер етті. Тұрақсыз ауа райы бақыланды: ауа температурасының ауытқуы, жауын-шашын, көктайғақ, бұрқасын, ұйтқыма жел күші 15-23 м/с, екпіні 26-28 м/с дейін.

## **4. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады. Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 29,03 %, гидрокарбонаттар 15,78 %, хлоридтер 18,05 %, кальций иондары 12,88 % және натрий иондары 7,89 % болды. Жалпы минерализация 15,84 мг/дм<sup>3</sup>, электрөткізгіштік – 28,50 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы нейтралды сипатқа ие болды (5,92).

## **5. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі**

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жер үсті суларының сапасына бақылау 1 су нысанында (Есіл өзені), 5 тұстамада жүргізіледі.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 46 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: көзбен шолу, температура, қалқыма заттар, меншікті электрөткізгіштік, түсі, иісі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, % оттеппен қанықтыру, құрғақ қалдық, ОБТ<sub>5</sub>, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.

## **Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері**

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	өлш. бірл.	Концентрация
	2023 ж. Ақпан	2024 ж. Ақпан			
Есіл өзені	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	39,5

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылғы ақпан айымен салыстырғанда Есіл өзеніндегі судың сапасы – өзгерген жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы магний болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі, негізінен, елді-мекендердің ағынды суларының төгілуімен байланысты.

Су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2-қосымшада көрсетілген.

### **Жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары**

2024 жылдың ақпан айында облыс аумағында жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

### **6. Радиациялық жағдай**


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Возвышенка, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатының орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,16 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ. және шекті жол берілетін шама аралығында болды.

Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сыналасын горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік сынама алу жолымен жүзеге асырылды. Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті түсулерінің орташа тәуліктік тығыздығы 1,2-2,4 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Радиоактивті түсулер тығыздығының орташа мәні 1,7 Бк/м<sup>2</sup> құрады, ол шекті жол берілетін шегі деңгейінен аспады.



## 1-қосымша



Сур.1 – Ластануды бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасыСҚО атмосфералық ауасы

## 2-қосымша

### Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы	
Есіл өзені	су температурасы 0,2 - 0,9 °С, сутегі көрсеткіші 7,85 - 8,45, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,42 – 11,34 мг/дм <sup>3</sup> құрады, ОБТ <sub>5</sub> – 0,45 – 2,78 мг/дм <sup>3</sup> , мөлдірлік - 30 см.	
Сергеевка қ. Сергеевка қаласынан 0,2 км жоғары	4 класс	Магний – 46,9 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады нақты
Покровка а., Покровка ауылынан 0,2 км жоғары	4 класс	Магний – 41,8 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады нақты
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 0,2 км жоғары	4 класс	Магний – 35,8 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады нақты
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 4,8 км төмен, 5,8 км ТЭЦ-2 ағын суларынан төмен	4 класс	Магний – 38,5 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады нақты
Долматово а., Долматово а. 0,4 км төмен	4 класс	Магний – 34,7 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады нақты

Анықтама бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖК)

Қоспа атауы	ШЖК мәні, мг/м <sup>3</sup>		Қауіпсіздік классы
	Максималды бір реттік	Орташа- тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м <sup>3</sup>	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
М-10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон (жербеті)	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН):

### Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфераның ластануы	Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

**Су пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша суды пайдалану сыныптарын саралау**

Суды пайдалану санаты (түрі)	Тазарту мақсаты/түрі	Суды пайдалану сыныптары				
		1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып	5- сынып
Балық шаруашылығы	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	+	-	-
Шаруашылық- ауызсумен жабдықтау	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреация		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Картадатұнбалау	+	+	+	+	+
Өнеркәсіптік:						
технологиялық мақсатта, салқындату үрдісі		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
су көлігі		+	+	+	+	+

Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11.2016 жылғы №151 бұйрығы)

**Радиациялық қауіпсіздік нормативі\***

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері
Тиімді доза	Халық
	кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес

\*«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК СҚО БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
МЕКЕН ЖАЙЫ:  
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ  
ПАРКОВАЯ КӨШЕСІ 57А  
ТЕЛ. 8-(7152)-50-09-42  
E MAIL:LABOR\_XIM@MAIL.RU**